

Қараой мектеп-балабақшасы бойынша педагогикалық-психологиялық қызметтің 2024-2025 оқу жылында жүргізілген жұмыстарға жылдық есебі

2024-2025 оқу жылында педагогикалық-психологиялық қызметі жоспар бойынша жұмыс жасады. Психологиялық қызмет жоспары оқушылармен, педагогтермен, ата-аналармен жұмыс негізінде құрастырылды. Білім алушылармен диагностика, түзету-дамыту жұмыстары, психологиялық консультация, профилактика, ағартушылық жұмыстары, әлеуметтік диспетчерлік жұмыс бағыттары жүзеге асырылады. Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық шаралар, тренингтер, сауалнамалар, зерттеу әдістемелері тәрізді жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің диагностика бағыты бойынша: 1-сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Йирасиктің «Мектепке қалыптасуын бағдарлаушы» тесті алынды. Тест қорытындысы бойынша бірінші сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейі қалыпты оқушылар мен педагог тарапынан көмек қажет ететін оқушылар ескеріліп, хаттама толтырылды. Хаттама сынып жетекшісіне, педагогтерге таныстырылды. 5-сынып оқушыларының оқу мотивациясын тексеруге арналған Л.Н.Лусканованың сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысы сынып жетекшіге таныстырылып, ұсыныс берілді. 6-8 сынып оқушылары арасында «Мен және әлеуметтік желі» тақырыбында оқушылардың әлеуметтік желіге деген қызығушылығын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша балалардың телефонды ұзақ отырмауын қадағалау ата-аналарға қадағалау ұсынылды. Оқу жылы барысында жасөспірімдер арасында буллингтің, кибербуллингтің алдын алу бойынша 9-11 сынып оқушыларынан онлайн, офлайн түрінде анонимді сауалнамалар алынып, қорытындыланды. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын анықтау, достық қарым-қатынастарын нығайту мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында «Социометрия» әдістемесі алынып, сынып лидерлері анықталды. Сонымен қатар лидерлікке бейім, ортаға бейім, таңдау алмаған оқушылар анықталды. Шеттеп қалған оқушылармен топтық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 1-сынып оқушылары Құттыбай Қуаныш пен Мұрат Айзере Керн-Йирасик диагностикасы қорытындысы бойынша төмен деңгей көрсетуіне байланысты екі оқушымен жеке диагностикалар жүргізілді. Қорытындысы мектептің

педагогикалық-психологиялық қолдау жұмысы барысында талқыланып, облыстық ПМПК-ға ұсынылды. 23 мамыр күні өткізілген тексеріс нәтижесінде Мұрат Айзере 1-сыныпты қайта оқуға ұсынылды. Құттыбай Қуаныш логопед, дефектолог мамандармен жұмыс жасауға ұсынылды.

Қазан айында 6-7 сынып оқушыларына Т.И.Балашованың Зунге әдістемесі жүргізілді. Қорытындысы бойынша 7-сыныптың екі оқушысында жеңіл түрдегі депрессия анықталды. Мектепішілік мобильді топтың отырысының қорытындысы бойынша аталған екі оқушы мобильді топ бақылауына алынды. 8-11 сынып оқушыларына «Айзенк» әдістемесі алынды. Қорытындысы шығарылып, жоғары агрессиялық нәтиже көрсеткен оқушылар мобильді топ бақылауына алынды.

Қараша айында 5-6сынып оқушыларының бойында мазасыздық, үрей белгілерін анықтау мақсатында «Филлипс» әдістемесі алынды. Әдістеме қорытындысы бойынша оқушылардың мазасыздық деңгейі қалыпты екені анықталды. 7-сынып оқушыларының бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «Кондаш» әдістемесі алынды. Қорытындысы бойынша оқушылардың мазасыздық деңгейі қалыпты жағдайды көрсетті. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға таным процестерінің деңгейін анықтауға диагностика жүргізілді.

Желтоқсан айында Голландтың кәсібі-тұлғалық типтерін анықтау мен бағалауға диагностика жүргізілді. Қорытындысы оқушылар мен сынып жетекшілерге таныстырылып, ұсыныс берілді.

Қаңтар айында Спилберг-Ханиннің мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға 8-11 сынып оқушылары қатысты. Қорытындысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылармен жеке сұқбат жүргізіліп, мобильді топ бақылауына алынды.

4-сынып оқушыларына баланың эмоционалдық сферасының жағдайын анықтау, агрессияның болуын, оның бағыты мен қарқындылығын анықтау мақсатында «Кактус» әдістемесі алынды. Қорытындысы бойынша оқушылардың деңгейі қалыпты. Сонымен қатар бастауыштан орта буынға баратын оқушылардың психикалық даму деңгейін анықтау мақсатында Замбаявицененің интеллектуалдық диагностикасы алынды. Қорытындысы бойынша 4-сынып оқушылары арасында деңгейі төмен оқушылар анықталмады.

Мектебімізде халықаралық PIZA өтуіне байланысты 9-10 сынып оқушыларымен психологиялық қолдау жұмысы үнемі жүргізілді. Дайындық деңгейін бақылау мақсатында сауалнама алынды. Қорытындысы бойынша ұсыныстар берілді.

А.Н.Волкованың «Балалар мен жасөспірімдердегі суицид қаупінің болжамдық кестесі» әдістемесі сынып жетекші, әлеуметтік педагогпен бірге жұмыс жүргізіліп, суицид деңгейі қорытындыланды. Қорытындысы бойынша 6-11 сынып оқушыларының суицид қаупінің болжамдық деңгейі төмен.

С.Г.Корчагинаның «Жалғыздықты сезіну шкаласы» әдістемесі 8-10 сынып оқушыларынан алынды. Қорытындысы бойынша жалғыздықты терең бастан өткізу деңгейі бойынша 4 оқушы мобильді топтың бақылауына алынды. Бұл оқушылармен жеке жұмыс келесі оқу жылында жалғасатын болады.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің психотүзету-дамыту бағыты бойынша: 1-11 сынып оқушыларына жүргізілген диагностика қорытындысы негізінде психотүзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, хаттамаланып, электронды журналға тіркеліп отырды. 1-5 сынып оқушыларына психологиялық жаттығулар, 1-4 сынып оқушыларына психомоториканы дамыту жаттығулары, 1-4 сынып оқушыларына қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жүргізіліп отырды.

5-сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін қалыптастыруға бағытталған «Бірінше рет 5-сыныпқа», 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне бағытталған «Алақай, мен оқушымын», 5-сынып оқушыларының жаңа жаңалықтар, түрлі сезімдер мен жаңалықтар мен сезімдерді жинақтауға арқылы өмір сүру кеңісігін кеңейту мақсатында «Із кесуші» психологиялық акциясы өткізілді. Сынып оқушыларының қарым-қатынастарын нығайту мақсатында 5-11 сынып оқушыларына психологиялық сергіту жаттығулары жоспар бойынша жүргізіліп отырды. 11-сынып оқушыларына ҰБТ алдындағы психологиялық қобалжуды жеңудің, өзін-өзі басқара алу бойынша психологиялық тұрғыдан қолдау жүргізілді. Қолдау барысында тренингтер, дәрістер, консультация, сұқбат жүргізіліп отырды.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің консультация бағыты бойынша: нақты жағдайда білім беру үрдісінің субъектілеріне (оқушылар, педагог, ата-ана) пайда болған мәселелерді шешуге көмек беруге және оқу үлгерімінде қиындықтар барысында білім алушыға ықпал ететін өзара қарым-қатынас шеңберінде пайда болған сұрақтарды шешуге бағытталған әрекеттер жиі ретінде жұмыстар жүргізілді. Консультация беру психологиялық тұрғыдан дені сау тұлғаларға бағытталды. Жыл бойы тұлғаның дамуы үшін қажетті ресурстарды толықтыру мақсатында, өмірлік қиын жолдарды шешудің тиімді жолдарын іздеген оқушыларға, педагогтер мен ата-аналарға консультация берілді. Психологиялық консультация келесі негізгі мақсаттарды көздеді: білім беру үрдісі субъектісінің (оқушы, ата-ана,

педагог) барлық объективті қиындықтарға қарамастан, мінез-құлқының өзгеруіне, оқу үдерісін ең қанағаттана алатындай сапалы өмір сүруге ықпал ету болды. Консультацияда

- Мінез-құлықтық;
- Эмоционалды;
- Қажығыстық;
- Диагностикалық бағыттарды қамтыды. Консультацияға келген білім алушыларға, ата-аналарға, педагогтерге келу себебі бойынша ұсыныстар беріліп, электронды журналға тіркелді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің профилактика бағыты бойынша: Мектеп-балабақша бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, ерте жүктіліктің алдын алу, буллинг, кибербуллингтен сақтану, жасөспірімдер арасындағы келеңсіздіктің алдын алу мақсатындағы жұмыстарды күшейту, жандандыру жоспарына сай профилактика жүргізілді. Қыркүйек айында қыздар жиналысында тренинг, 8-9 сынып оқушыларына «Калейдоскоп» психологиялық ойыны, ата-аналарға онлайн форматта баланың құқықтары туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Сынып жетекшілерге «Жасөспірімдер арасындағы буллинктің алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Презентация көрсетіліп, жарыссөзбен аяқталды. 7-9 сынып оқушыларына «Буллингтен сақ болайық!» тақырыбында фидеоролик көрсетілді. «Қыз инабаттылығымен әдемі – әдептілігімен сәнді» тақырыбында қыздар жиналысында тренинг өткізілді. 8-9 сынып оқушыларына «Зиянды заттардан сақ болайық» тақырыбында өмір қауіпсіздігі, жеке бас қауіпсіздігі туралы дәріс өткізілді. 2-5 сынып оқушыларына «Буллинг, кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында балаларға видеоролик көрсетіліп, қиын сәтке тап болған сәтте қандай әрекет жасауы керек жөнінде мәлімет берілді. 5-сынып оқушыларына келеңсіздіктің алдын алу бойынша «Ашуды қалай жеңуге болады?» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді. Сабақта балалар бойындағы ашу-ызаларын шығарып, жеңілдеді. 7-11 сынып ер балаларына «Проблеманы шешу жолдары» тақырыбында психологиялық тапсырмалар орындалды. 9-11 сынып оқушыларына «Егер сіздің өміріңізге қауіп төнсе» тақырыбында жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тренинг өткізілді. 10-сынып оқушыларына келеңсіз жағдайдың алдын алу бойынша «Мен өзіме, өміріме жауаптымын» тақырыбында, 7-8 оқушыларына «Өмір қымбатсың сен маған» тақырыбында психологиялық сабақ жүргізілді. Сабақ барысында оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Ойыл аудандық полиция бөлімінің бастығы подполковник Хангельдин Ардақ 7-11 сынып

оқушыларымен кездесті. Кездесу барысында келеңсіздіктен сақтану шаралары туарлы түсіндірді.

Ойыл АПБ ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны жыл бойы оқушылармен кездесулер өткізіп отырды. 11-сынып оқушыларының бойында қорқыныш, үрейді басу, келеңсіздіктің алдын алу мақсатында тренингтер жүргізіліп отырды.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің азартушылық бағыты бойынша: Педагогтермен:

Мектеп бойынша ұжымның психикалық көңіл-күйлерін қалыпқа келтіріп, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, сыйластық қарым-қатынас орнату мақсатында жас мамандармен «Тәтті time» тимбилдингі ұйымдастырылды. Тимбилдинг барысында жас мамандарға қолдау білдірілді. «ҚМЖ-ны құру және сабақ жоспарынң жақсартудың кадамдары» тақырыбындағы әдістемелік күнде тренинг ұйымдастырылып, педагогтердің көңіл-күйлерінің көтерілуіне ықпал жасалды. Тәжірибелі мамандармен жас мамандардың сабақтастығын қалыптастыру мақсатында «Біз біргеміз» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингке барлық педагогтер қызығушылықпен қатысты. Ұздастардың ашықтығы мен кісілерге жақындығын анықтайтын В.Ф.Ряховскийдің тесті алынып, қорытындыланды. Ұсыныстар берілді. Ұстаздардың қарым-қатынасын жақсарту, ауызбіршілікке баулу мақсатында «Достық travel» психологиялық ойыны өткізілді. Ойынға педагогтер бар ықыластарымен қатысты. «Жасөспірімдер арасындағы суйцидтің алдын алу» тақырыбында педагогтерге семинар өткізілді. Мақсаты: педагогтерге қоғамдағы келеңсіздік мәселесін түсіну, алдын алу және оған қатысты білім алушыларға көмек көрсету.

Ата-аналармен:

«Балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы отбасы мен мектептің ынтымақтастығы» тақырыбындағы ата-аналар жиналысында ата-аналардың эмоцияларын шығару мақсатында тренинг өткізілді. 1-сынып ата-аналарына «Сауатты ата-ана балаларының құқығының қорғалуының басты кепілдемесі» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Семинар барысында бірінші сынып оқушыларының бейімделуі туралы айтылды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру мақсатында ата-аналар жиналысы өтті. «Piza-ға дайындық барысында балаларды қолдау» тақырыбында 10-сынып ата-аналарымен жұмыс жүргізілді. 11-сынып оқушыларының ата-аналарына «ҰБТ қарсаңында оқушыларды қолдайық» тақырыбында кеңес берілді. 7-сынып ата-аналарына «Баланың қуанышы – ата-ананың қуанышы» тақырыбында тренинг жүргізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау

бағыты бойынша 3-сынып ата-аналарына «Логикалық ойлауды үйрету» тақырыбында баяндама, тренинг жүргізілді. «Супер parents» тақырыбында ата-аналарға тимбилдинг ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысы бойынша: Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс бойынша педагог-психолог жеке өзіндік сайыстарға, аудандық, облыстық семинарларға қатысты. Ойыл аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Психология- ғажайыптар әлемі» тақырыбында жұмыс көрсетіп, білім бөлімнің басшысының *алғыс хатымен* марапатталды.

«Үздік психолог-2024» байқауына қатысып жүлделі **II орынмен** марапатталды.

Қараой мектеп-балабақшасынла ұйымдастырылған «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы семинарда тренинг жүргізді.

«ПМПК қорытындысы негізіндегі ұсынылған түзету-дамыту жұмыстарының жүргізілуінің білім берудегі тиімді әсері» тақырыбындағы аудандық семинарда өз тәжірибесімен бөлісіп, шығармашылық ізденістерімен шеберлігін көрсеткені үшін *алғыс хатпен* марапатталды.

«Ақтөбе-Дарын» орталығының және «Үркер» зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «ПолиМат» республикалық эвристикалық онлайн марафонында **III дәрежелі дипломмен** марапатталды.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен білім беру ұйымдарының педагог-психологтары арысында өткен облыстық олимпиададан *бас жүлдені* иеленді.

«Жанның медеуі психологиялық курсының психодрама техникалыр 40 академиялық сағатын аяқтап сертификат иеленді.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылы барысында балалармен, педагогтермен, ата-аналармен жоспарланған және жоспардан тыс қажет етілген жұмыстар белсенді түрде жүргізілді. Педагогикалық-психологиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша жұмыстар толығымен атқарылып, хаттамалар жинақталды.

Ұсыныс: 2025-2026 оқу жылына терапиялық жұмыстарды көбейтіп, психологиялық ахуалды жақсарту.

Мектеп директоры:

А.С.Майканов

Педагог-психолог:

З.С.Ибраева

